



**«Алмагүл» бөбекжайы КМҚК
КГКП Детский сад «Алмагүл»**

«Мерекелер мен ойын-сауықтар»



«Қазақстан Республикасының конституциясы күні».

Алғаш шыққан жеті жарғы,

Осы күнге жетелеп.

Егеменді ел болған соң,

Мерейі асты еселеп.

Қазағымның қасиетті

Ата заңым тірегі

Бабалардың өсиеті,

Конституция жүрегі.





«1 Қыркүйек - Білім күнін»



*Корабльді басқарып
Көк жүзіне самғатар
Тауды бұзып, тас жарып
Мұхиттарды жалғатар
Сырлары көп ғылымның
Шешілмеген әлі де
Тереңдігі білімнің
Керек екен бәріне!
Білім - менің ертеңім
Өсу үшін өркенім
Жүзем оқу - айдында
Жайып білім желкенін
Қиындықтан өтуге
Армандарға жетуге
Білім алам ерінбей
Еліме қызмет етуге!*

*Ана тілің - арың бұл
Үятың боп тұр бетте
Өзге тілдің бәрін біл
Өз тіліңді құрметте!
Ана тілің, біліп қой,
Еркіндігің, теңдігің!
Ана тілің, біліп қой
Мақтанышың, елдігің!*

«Қазақстан халқы тілдері күні мерекесі»



«25 Қазан - Республика күні»



*Көгінде күн нұрын төккен,
Жерінде гүл жұпар сепкен,
Неткен сұлу неткен көркем,
Осы менің туған өлкем.
Алтын дәнді даласы бар,
Ақ күмістей қаласы бар,
Неткен сұлу неткен көркем,
Осы менің туған өлкем.*

«Күз – мереке, күз - береке»

*Алтын күзде нұр төгіп
Тілегім аман болсын ел іргесі
Алтын күз қайта келді ел іргесі
Молшылықтың жаршысы бола білді
Алтын күз -ырыс береке ала келді.*



«Гүлдене бер, менің Қазақстаным»

Жер болса - ел болады, ел болса - ер болады.

Ерлеріміздің арқасында «Қазақстан» егеменді ел болып, дүние жүзіне танылды. 120-дан аса ұлт өкілдері тұратын осынау қасиетті мекенде, асқақтаған өлкеде, кеңшілігі керемет дархан дастархандай далада, егіні теңіздей толқыған, төрт түлігі өрбіген, өндірісі өркендеген мекенде өмір сүруші әрбір адам өз Отанын жанындай сүйіп, оның көк байрағын көкке көтеруді мақтаныш тұтады.



«Қош келдің, Жаңа жыл!»



*Жаңа жылдың таңы неткен арайлы
Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды
Жаңа жылмен құттықтаймын бәріңді
Бақыт, шаттық, молшылық әкелсін
Бәрімізге мына жыл арайлы!*

«Менің сүйікті қалам -Қарағанды»

Туған қалам сеннен қуат аламыз

Қияға қанат қағамыз,

Елге шырақ жағамыз,

Өзіннең бақыт табамыз



«8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күні»

*Ана ақ сүтін беріп
аялаған, жанын да аямай,
түн ұйқысын төрт
бөлген ардақты да, асыл
адам. «Ана» - үш әріптен
тұратын жалғыз ғана
сөз. Дегенмен, осы үш
әріптің астарында
қаншама ой, қаншама
толғаныс, қаншама асыл
сөздер жатыр десеңізіші...
Ана – ешбір алтынмен де,
күміспен де, тіпті
әлемнің ешбір
байлығымен алмастыруға
келмейтін асыл да
қасиетті ұғым.*



«Қош келдің, әз Наурыз!»

Наурыз — бұл тек көктемнің ғана емес, ең әулі ізгілік пен жақсылықтың мейрамы. Ұлыстың осы бір ұлы күні адамдар бір-біріне деген өкпелеренештерін ұмытып, кешірімге келіп татуласып, табысқан







«Күлкі керуені»



«Ғарышкерлер күні»



«1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні»



Бұл күн - әрбір қазақстандық үшін Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімнің, адамзаттық борыш пен жалпы ұлттық келісімнің мерекесі.

Бұл күні ел азаматтары ұлт пен ұлыстың өткен кезеңдегі тарихын дәріптеп, әлемдік қауымдастық тарапынан жоғары бағаланған қазақстандық татулық пен келісімді паш етеді.

Еліміздің басты қорғаушы күші – қоғамдық келісім мен этносаралық үйлесімді сақтау – Қазақ елінің алдында тұрған басты міндет. Қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық – біздің ең маңызды байлығымыз. Бұл жетістікті бағалау, оны сақтау жолында аянбай еңбек ету – барша қазақстандықтардың борышы



«7 мамыр - Отан қорғаушылар күні»

*Жүрекке адалдықтың ескен гүлін
Ғажайып келешектің төккен үнін
Ардақты ағаларға шын көңілден
Жолдаймыз алғыс пенен сәлем бүгін.*



«Қош бол, балабақшам!»

*Балабақша, балабақша
Шаңырағы шаттықтың
Балабақша қорғанышы
Балғын сәби жастықтың
Қуанамыз сыйлаймыз
Қуаныштың мың гүлін
Бақшамызбен қимай біз
Қоштасатын күн бүгін*

